

Ұлттық акционерлік, мемлекеттік холдинг және акционерлік компаниялар, акционерлік қоғамдар және ұжымдық кәсіпорындар балансындағы әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін жекешелендірудің тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 22 ақпан N 193. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.10.06. N 1004 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 шілдедегі N 849 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 32, 355 бап) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994-1995 жылдарда реформаларды тереңдету мен экономиканы тұрақтандыру жөніндегі іс-қимылдарының жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Ұлттық акционерлік, мемлекеттік холдинг және акционерлік компаниялар, акционерлік қоғамдар және ұжымдық кәсіпорындар балансындағы әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін жекешелендірудің тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 22 ақпандағы
N 193 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Ұлттық акционерлік, мемлекеттік холдинг және акционерлік компаниялар, акционерлік қоғамдар және ұжымдық кәсіпорындар балансындағы әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін жекешелендірудің тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. Бұл ереже Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасын орындау мақсатында әзірленген және ұлттық акционерлік, мемлекеттік акционерлік және холдинг компаниялар (бұдан әрі - компаниялар), акционерлік қоғамдар және ұжымдық кәсіпорындар балансындағы әлеуметтік-мәдени және тұрмыс объектілерін жекешелендірудің тәртібін және оны әзірлеу мен өткізу жөніндегі ұйымдық шараларды белгілейді.

2. Осы Ережеде келтірілген тәсілдер компаниялар, акционерлік қоғамдар немесе ұжымдық кәсіпорындар балансындағы әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін жекешелендірудің бірыңғай тактикасын белгілеуді қамтиды, оның өзі кәсіпорындардың қаржы жағдайын жеңілдетуге, әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілері халыққа көрсететін қызметтің сапасын жақсартып, түр-түрін көбейтуге, әлеуметтік қызмет саласында бәсекелестік жағдай туғызуға, белгілі бір аймақтың әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерінің қарап тұрған активтерін іске қосуға мүмкіндік береді.

3. Мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитеттер компаниялар, акционерлік қоғамдар немесе ұжымдық кәсіпорындар балансындағы әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерінің жалпы тізбесін жасайды. Ол тізбе үш топқа б ө л і н е д і .

Бірінші топқа белгілі бір аймақ пен жалпы республика үшін әлеуметтік маңызы бар әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілері кіреді. Бұл топтағы объектілер тізімі баланс ұстаушымен, жергілікті атқарушы өкімет органдарымен келісілгеннен кейін белгіленген ретпен солардың қарамағына беріледі.

Егер шаруашылық жүргізуші субъектілер меншігіндегі әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін кезінде қолданылған заңдарға сәйкес сатып алған болса, әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін беру немесе сату жергілікті өкімет органы мен меншік иесінің өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Бірінші топқа енгізілген әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілері берілген сәтінен бастап, тікелей мақсаты бойынша пайдаланылады.

Екінші топқа компаниялар, акционерлік қоғамдар немесе ұжымдық кәсіпорындар балансында болатын және шаруашылық жүргізуші субъектінің әлеуметтік инфрақұрылымын қалыптастыру үшін қажет, сол шаруашылық жүргізуші субъект одан әрі ұстауды өз міндетіне алатын әлеуметтік-мәдени тұрмыс объектілері енгізіледі. Бұл топтағы объектілер тізімі компаниялардың, акционерлік қоғамдардың немесе ұжымдық кәсіпорындардың басшыларымен келісіледі. Одан соң сол объектілер шаруашылық жүргізуші субъектінің жарғылық қорына мемлекеттік жарна түрінде енгізіледі яки, шаруашылық жүргізуші субъектінің тілегі бойынша, кейін сатып алу құқығымен оның балансында қалдырылады. Сонымен қатар оларды шаруашылық жүргізуші

субъекті дереу сатып алатындай нұсқаның қаралуы мүмкін.

Әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерінің бұл тобы объектілердің бірінші тобы анықталғаннан кейін қалыптастырылады, жергілікті атқарушы өкімет органымен келісілгеннен кейін оны мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитет бекітеді.

Екінші топқа енгізілген әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін барлық жағдайларда әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін беру туралы шарт жасалған сәттен бастап, бес жыл бойы қайта сатуға және олардың қызмет бағдарын өзгертуге болмайды.

Үшінші топқа компаниялар, акционерлік қоғамдар немесе ұжымдық кәсіпорындар балансындағы, шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін де, сондай-ақ сол аймақ үшін де әлеуметтік маңызы жоқ әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілері енгізіледі. Осы топтағы объектілер тізімі жергілікті атқарушы өкімет органымен келісіліп, оны мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитет бекітеді. Объектілердің осы тобы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитет оларды қолданылып жүрген заңға сәйкес жекешелендіру туралы шешім қабылдайды, оны әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектісі өз балансындағы компанияның, акционерлік қоғамның немесе ұжымдық кәсіпорынның басшылығымен алдын-ала келісіп алады.

Егер әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектісі компанияның, акционерлік қоғамның жарғылық қорына кірсе немесе бұрын қолданылған заңға сәйкес құрылған ұжымдық кәсіпорынның меншігі болып табылса, оны шаруашылық жүргізуші субъект қолданылып жүрген заңға сәйкес өзі сата алады.

Компания немесе акционерлік қоғам, сондай-ақ ұжымдық кәсіпорын осы Ереже бекітілгенге дейін жергілікті атқарушы өкімет органының балансына берген әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілері шағын жекешелендіру объектілерін жекешелендірудің қолданылып жүрген нормативтік актілерінде белгіленген тәртіппен, мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитетпен және жергілікті атқарушы өкімет органымен келісе отырып, жекешелендіріледі.

2. Әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін жекешелендіру механизмі

4. Үшінші топтағы әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін жекешелендіру алдында тиісті әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін компаниялар, акционерлік қоғамдар немесе ұжымдық кәсіпорындар балансынан бөліп алу түріндегі ұжымдық шаралар көзделеді. Бұл жағдайда бөлініс балансы жасалады.

Бөліп алынған объектілер кейін екі ай ішінде шағын жекешелендіру шеңберінде аукцион-конкурс саудаластығы арқылы сатылуға немесе акционерлік қоғамдар етіп қайта құрылып, акциялардың мемлекеттік пакеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның

аумақтық органдары өткізетін аукциондарда немесе тендерлерде сатылатын
б о л у ғ а т и і с . < * >

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.25. N 507
қ а у л ы с ы м е н .

5. Сатушының шешімі бойынша, объекті компанияның, акционерлік қоғамның немесе ұжымдық кәсіпорынның балансынан шығарылғаннан кейін және объекті саудада сатылғанға дейін, оны бұрынғы баланс ұстаушының өткен режимде пайдалануына болады. Бұл орайда сатылатын сәтіндейін бұл объектінің жаңа заңды ұйым етіп өзгертілуіне жол берілмейді.<*>

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.25. N 507
қ а у л ы с ы м е н .

6. Сатып алынған әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілері немесе олардың мүліктері үшін ақы төлеу, жекешелендіру туралы мәмілені ресімдеу, есеп айырысудың тәртібі жекешелендіру процестерін реттейтін нормативтік актілерге с ә й к е с жү р г і з і л е д і .

7. Компаниялар, акционерлік қоғамдар немесе ұжымдық кәсіпорындар балансында тұрған әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілерін сату жөніндегі аукциондар мемлекеттік меншік объектілерін шағын жекешелендіру шеңберінде сатып алу жөніндегі аукциондар, коммерциялық конкурстар ұйымдастыру туралы ережеге және оған толықтыруларға сәйкес өткізіледі.

Компаниялар, акционерлік қоғамдар немесе ұжымдық кәсіпорындар балансында тұрған әлеуметтік мәдени-тұрмыс объектілері негізінде құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін сату жөніндегі аукциондар, тендерлерде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1994 жылғы 10 маусымдағы N 138 қаулысымен бекітілген Акциялардың мемлекеттік пакетін сатудың тәртібі және оны сатудан алынған қаражатты пайдалану (оны сатудан алынған қаражатты пайдаланудан басқасы) туралы ережеге сәйкес өткізіледі.<*>

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.04.25. N 507
қаулысымен.

3. Сатудан түскен түсімді бөлу

8. Әлеуметтік-мәдени объектілерді сатудан алынған қаражат сауданы ұйымдастыру мен өткізуге арналған шығыстарды қоспай, мемлекеттік бюджет кірісіне жіберіледі.<*>

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда, 9 және 10-11-тармақтар (4-бөлім) алынып тасталған - ҚР Үкіметінің 1996.04.25. N 507 қаулысымен.

